



**БЕКІТІЛДІ**

Ғылыми кеңес шешімімен  
(20.01.2021 жылы №7 хаттама)  
Өзгерістер мен толықтырулар енгізілді  
№ 11 хаттама, «02» 04 2026 ж.

**«Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ  
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ  
АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІ**

Ақтау, 2026 ж

## МАЗМҰНЫ

1. МАҚСАТЫ МЕН ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	3
2. ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР	3
3. ТҮСІНІКТЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	4
4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	5
5. ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ, БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	6
6. ДӘЙЕКСӨЗДІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ	8
7. БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ	8
8. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ЖАЗА	11
9. КОДЕКСТІҢ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫН АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ	12
10. КОДЕКСТІҢ БҰЗЫЛУЫ ЖАҒДАЙЫНДА ШАРАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ	13
11. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	14
12. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН МОНИТОРИНГІЛЕУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ	15
13. БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ПАЙДАЛАНУ	16

## 1. МАҚСАТЫ МЕН ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1. «Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕАҚ Академиялық адалдық кодексі (бұдан әрі – Кодекс) мамандарды даярлау сапасын жақсартуға және білім беру кеңістігінде Есенов Университетінің имиджін арттыруға бағытталған университет қызметінің стратегиясы мен негізгі бағдарламаларын саналы қолдауды қамтамасыз ету мақсатында енгізіледі және білім беру үдерісіндегі академиялық адалдық қағидаларын, университеттік қоғамдастық мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін белгілейді, академиялық адалдықты бұзу түрлерін және оларды жасаған жағдайда шаралар қабылдау тәртібін айқындайды.

Осы Кодекс Есенов университеті білім алушыларының, профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлерінің академиялық адалдығы мәселелеріне әділ, ашық, сыпайы қатынасты қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

Осы Кодекс университет қоғамдастығының барлық мүшелері – басшылық, профессорлық-оқытушылық құрам, қызметкерлер, білім алушылар, олардың заңды өкілдеріне орындау үшін міндетті.

1.2. Есенов университетінің Академиялық адалдық Кодексі келесі нормативтік құжаттар негізінде жасалынған:

1) Қазақстан Республикасының 27.07.2007 жылғы № 319-III «Білім туралы» заңы (өзгерістер мен толықтырулармен);

2) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 18.11.2015 жылғы № 410-V заңы (өзгерістермен мен толықтырулармен);

3) ҚР БҒМ 30.10.2018 жылғы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (өзгерістер мен толықтырулармен);

4) ҚР БҒМ 20.04.2011 жылғы № 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (өзгерістермен және толықтырулармен);

5) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (өзгерістер мен толықтыруларымен).;

6) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 04.06.2020 жылғы № 11933-1943 бұйрығымен бекітілген «Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕАҚ-ның Жарғысы;

7) Есенов университетінің 2029 жылға дейінгі даму стратегиясы;

8) Білім беру үдерісінде жасанды интеллектті пайдалану саясаты;

9) Академиялық адалдық лигасының стандарттары;

10) Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын және жазбаша жұмыстарының көшірілмегендігін тексеруге арналған нұсқаулығын, академиялық саясатты басшылыққа алады.

## 2. ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

Есенов	– «Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
Университеті	университеті» КЕАҚ
ҚР ҒЖБМ	– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
ПОҚ	– Профессор-оқытушылар құрамы
БББ	– Білім беру бағдарламасы
ТО	– Тіркеу офисі
АА	– Академиялық адалдық

### 3. ТҮСІНІКТЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

1) **Академиялық адалдық** – жазбаша жұмыстарды (бақылау, курстық, эссе, дипломдық, диссертациялық) орындау, емтихандардағы жауаптар, зерттеулер, өз ұстанымын білдіру, академиялық персоналмен, оқытушылармен және басқа студенттермен өзара қарым-қатынас жасау, сондай-ақ бағалау кезінде студенттің адалдығын білдіретін құндылықтар мен қағидалар жиынтығы;

2) **академиялық мәдениет** – білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығының академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға, зияткерлік меншікке құрмет көрсетуге, ашықтық пен жауапкершілікке негізделген, академиялық қауымдастықта қалыптасқан құндылықтар, нормалар, қағидаттар мен мінез-құлық үлгілерінің жиынтығы.

3) **академиялық алаяқтық** – білім беру үдерісіне қатысушының негізсіз академиялық артықшылыққа қол жеткізу немесе оқытушыларды, білім алушыларды не білім беру ұйымының әкімшілігін жаңылыстыру мақсатында алдау, қолдан жасау, бұрмалау, өзге тұлғалардың жұмыстарын, зерттеу нәтижелерін пайдалану немесе академиялық адалдық қағидаттарын бұзудың басқа да нысандарын қолдану арқылы жасалатын қасақана әрекеттері.

4) **контрактік негізде жұмыстарды орындау** – оқу немесе ғылыми жұмысты үшінші тұлғаларға ақылы түрде орындауға тапсыру.

5) **деректерді фабрикациялау** – оқу немесе ғылыми жұмыстарда зерттеу, статистикалық, эксперименттік немесе өзге де деректерді қасақана ойдан құрастыру, бұрмалау немесе алмастыру, оның ішінде эксперименттердің, сауалнамалардың, бақылаулардың немесе өлшеулердің ойдан шығарылған нәтижелерін академиялық немесе ғылыми артықшылық алу мақсатында шынайы деректер ретінде ұсыну.

6) **генеративті жасанды интеллект** – білім беру үдерісінде жасанды интеллект құралдарын (ChatGPT, Copilot және т.б.) оқытушының рұқсатынсыз немесе пайдаланылғанын тиісті түрде көрсетпей қолдану.

7) **прокторинг** – білім алушылардың емтихандарын және білімін бағалаудың өзге де нысандарын өткізу барысында академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету және бұзушылықтардың алдын алу мақсатында арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету, бейне- және аудиобақылау, сондай-ақ басқа да цифрлық құралдарды пайдалану арқылы қашықтан бақылау жүргізу технологиясы.

8) **өзіндік плагиат** – білім алушының немесе қызметкердің бұрын жарияланған немесе ұсынылған өз оқу, ғылыми немесе өзге де жұмыстарын (немесе олардың елеулі бөліктерін) дереккөзін көрсетпей және оқытушының немесе редакцияның рұқсатынсыз қайта пайдалану, бұл ұсынылған материалдың жаңалығы мен түпнұсқалығы туралы жалған түсінік қалыптастырады.

9) **автордың және оның құқықтық мирасқорларының құқықтарын қорғауды жүзеге асыру** - бағаланатын жұмыстарда басқаның сөзін, ойларын дұрыс беру және ақпарат көздерін көрсету арқылы авторлық құқық объектісі болып табылатын туындыларды тану және қорғау.

10) **бағаланатын жұмыс** - белгілі бір оқу кезеңінде білім алушының оқу жетістіктерін анықтау үшін (ауызша сұрау, жазбаша жұмыс, эссе, далалық жұмыс, зертханалық жұмыс, практикалық жұмыс, өзіндік жұмыс, зерттеу жұмысы, жоба және т.б.) ағымдағы бағалау жүргізу кезінде білім алушының орындайтын жұмысы немесе тапсырмасы; - білім алушының қорытынды бағалау жүргізу кезінде орындайтын жұмысы (бақылау, жазбаша жұмыстар, тесттер, сынақтар, зерттеу жұмысы, жоба, дипломдық жұмыс және т. б.), білім алушының оқу семестріндегі, барлық оқу уақытындағы жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін.

11) **тендік** - әр студенттің осы Ережені сақтау міндеті және оларды бұзғаны үшін бірдей жауапкершілік.

12) **ар-ұяттылық** - білім алушылардың бағаланатын және бағаланбайтын жұмыстарды адал, мұқият орындауы. Адалдықтың негізгі компоненттері-еңбекқорлық пен

әдептілік.

13) ашықтық - білім алушылар мен ПОҚ және оларға теңестірілген тұлғалар арасындағы ашықтық, өзара сенім, ақпарат және идеялармен ашық алмасу;

14) білім алушылардың құқықтары мен еркіндігін құрметтеу-білім алушылардың өз пікірлері мен идеяларын еркін білдіру құқығы;

#### 4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Осы Кодекстің мақсаты-университет білім алушыларында, ПОҚ-та және қызметкерлерінде адалдықты, ашық, шынайы және сенімді қарым-қатынастарды құруды, сондай-ақ өмірде адалдықты дамыту мәселелеріндегі жауапкершілікті түсінуді қалыптастыру. Академиялық адалдық университеттің білім беру үрдісіндегі басты құндылықтардың бірі болып табылады.

Академиялық адалдық келесі халықаралық деңгейде танылған құндылықтарға негізделеді: адалдық, сенім, әділдік, құрмет, жауапкершілік және батылдық.

Академиялық адалдық саясатын енгізудің міндеттері студенттер мен ПОҚ арасында академиялық алаяқтық фактілерінің алдын алу және жою, білім алушылар мен ПОҚ арасында плагиатқа төзімділікті тәрбиелеу, білім алушыларда академиялық адалдықты дамыту бойынша тұрақты мақсатты жұмыс жүргізу болып табылады.

Академиялық адалдық, оның кез-келген көрінісінде, Есенов университетінің құндылықтар жүйесіне қайшы келеді. Академиялық оқу үдерісінің тұтастығы мен берілетін академиялық дәреженің сапасы білім сапасына тікелей байланысты. Оқытушылар тарапынан да, білім алушылар тарапынан да адалдық оқу үдерісіне және оның нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін. Осы Кодекстің қағидаларын бұзатын Есенов Университетінің білім алушылары мен қызметкерлеріне тиісті санкциялар қолданылады.

Білім алушылар Есенов Университеті салған санкциялар басқа да азаматтық және қылмыстық юрисдикцияның құзыретті органдарының санкциялар салуын жоққа шығармайтындығы туралы хабардар болуы керек.

4.2. Оқу үдерісінің негізі академиялық адалдық болып табылады, оның іске асырылуын ЖОО қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдықтың негізгі қағидалары:

1) академиялық жұмыста адалдық пен өзара құрметтеуді қалыптастыратын академиялық адалдықты негізгі институционалдық құндылық ретінде қамтамасыз ету;

2) жоғары этикалық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған академиялық адалдықтың әділ және объективті қағидаларын бекіту;

3) басқа білім беру ұйымдарының верификацияланатын транскриптері негізінде білім алушының кредиттерін қайта есепке алудың нақты механизмі мен рәсімін айқындау жолымен білім алушының жүйелі және үздіксіз оқу траекториясын қамтамасыз ету;

4) академиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін тәлімгер ретінде оқытушының өз білім алушыларына құрмет көрсетуі;

5) академиялық адалдықты насихаттау және қорғау үшін білім беру үдерісіне қатысушыларды ынталандыру және мадақтау;

6) оқытушының пәннің нақты саясатын, білім алушыдан күтілетін талаптарды анықтауы;

7) оқытушының білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нақты параметрлерінің саясатын айқындауы;

8) академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қабылдау;

9) білім алушыларға білім беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсететін және академиялық адалсыздық көріністеріне жол бермеуге мүмкіндік беретін академиялық орта құру.

4.3 Университет академиялық адалдық қағидаттарын стратегиялық жоспарлау, білім беру бағдарламалары, ішкі аудит және комплаенс-бақылау жүйесі арқылы жүйелі түрде енгізуді қамтамасыз етеді.

## 5. ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ, БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Академиялық адалдық оқу үдерісінің негізгі қағидасы болып табылады. Оқу жылдары қажетті кәсіби білімді жинақтау уақыты ғана емес, сонымен қатар болашақ мамандардың зияткерлік, мәдени және рухани дамуының маңызды кезеңі болып табылады.

Білім алушылар мен оқытушылар арасындағы өзара қарым-қатынастар өзара сыйластық қағидаларына негізделеді, дөрекілікке, ұятсыздыққа, басқа адамдардың арнамысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіруге, оларға моральдық немесе материалдық залал келтіруге, құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасауға жол берілмейді.

Білім алушылар мен оқытушылардың қарым – қатынасының түрлі нысандары-оқу мәселелерін бірлесіп талқылау және шешу, жобаларды орындау көтермеленеді.

Оқу үдерісінде туындайтын мәселелерді шешу кезінде университет студенттері ең алдымен әділеттілік принципін басшылыққа алады.

Студенттер оқытылатын курстар бойынша барлық ақпараттың қол жетімділігіне және ақпараттың үнемі жаңартылуына сене алады. Олар курсты бағдарламада қарастырылған толық көлемде тыңдауға құқылы.

Білім алушылар өздерінің құқықтары мен міндеттеріне қатысты университеттің барлық ережелері мен нұсқаулықтарын білуге міндетті. Олар нұсқаулар мен ережелердің қол жетімділігіне сене алады.

Білім алушылар сабаққа үнемі қатысуға, оқу жоспарларында көзделген тапсырмаларды орындауға, аралық және қорытынды бақылаудан уақтылы өтуге міндетті.

Оқытушы, пәнді бұзғаны үшін білім алушыны сабақтан шығаруға құқылы. Білім алушы дау-дамайға түспестен бағынуға міндетті. Сабақтан кейін сыпайы түрде түсіндіріп, мұғалімнен кешірім сұрау керек.

Оқу үдерісінде өзара көмек, қарым – қатынаста-шынайылық, ашықтық және толеранттылық құпталады.

### **Білім алушылар:**

- 1) осы Кодекспен танысуға (танысу парағында визасы бар);
- 2) оқу үдерісінде өз пікірін еркін білдіруге;
- 3) осы Кодексті бұзды деп негізсіз айыптаудан қорғауына және дәлелдемелер беруге құқылы.

### **Білім алушы тиісті емес:**

- 1) оқытушыларды алдау, адалдықты бұзу немесе жаңылыстырумен байланысты кез-келген іс-шараларға қатысуына;
- 2) оқытушыларға, қызметкерлерге және жолдастарына құрметпен қарамауға;
- 3) сабақты өткізіп жіберу немесе оларға себепсіз кешігіп келуге;
- 4) сабақ, емтихан кезінде аудиториядан оқытушының/емтихан алушының рұқсатынсыз кетуіне;
- 5) курс оқытушысының алдын-ала рұқсатынсыз бір жұмысты бағалау үшін бірнеше рет тапсыру. Кішігірім өзгерістер мен түзетулер, мысалы, эсседе немесе басқа жазбаша жұмыста түрлендіру жасау, тапсырманы өндеудің қолайлы әдісі емес.

### **Академиялық адалдық саласындағы білім алушылардың міндеттері**

Академиялық адалдық қағидаларын сақтау үшін білім алушылар міндетті:

#### **1. Жалпы этикалық қағидалар**

- 1) осы Кодекстің нормаларын және университетте қабылданған этикалық стандарттарды сақтау;
- 2) академиялық адалдық қағидаларын және зияткерлік меншікті пайдалану

нормаларын құрметтеу;

- 3) өзінің оқу және ғылыми қызметінің нәтижелері үшін жеке жауапкершілікті сезіну;
- 4) бағалауға тек өзіне тиесілі жұмыстарды ұсыну;
- 5) академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін жауапкершілікті білу және мүмкін болатын салдарын қабылдау;
- 6) анықталған академиялық адалдық бұзушылықтары туралы хабарлау.

## **2. Оқу тәртібі және тапсырмаларды орындау**

- 1) оқу тапсырмаларының барлық түрлерін және бағаланатын жұмыстарды өз бетінше орындау;
- 2) өз жұмыстарын немесе олардың бөліктерін басқа білім алушыларға пайдалануға бермеу;
- 3) емтихандарда және басқа да бақылау түрлерінде рұқсат етілмеген материалдарды, соның ішінде шпаргалкаларды, электрондық құрылғыларды және байланыс құралдарын қолданбау;
- 4) ағымдағы және қорытынды бақылаудың барлық түрлерінен адал өту талаптарын сақтау.

## **3. Дереккөздерді дұрыс пайдалану және академиялық жазу**

- 1) авторды, дереккөзді және қажет болған жағдайда бетті міндетті түрде көрсете отырып, дұрыс дәйексөз келтіру (цитата, парафраз) тәсілдерін қолдану;
- 2) сілтемелер мен түсіндірме жазбаларды белгіленген талаптарға сәйкес рәсімдеу;
- 3) пайдаланылған әдебиеттер тізімін (библиографияны) жұмысына енгізу;
- 4) сенімді және тексерілген ақпарат көздерін пайдалану.

## **4. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті пайдалану**

- 1) цифрлық технологиялар мен прокторинг жүйелерін қолданудың белгіленген қағидаларын сақтау;
- 2) жасанды интеллект құралдарын университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен рұқсат етілген шектерде ғана пайдалану;
- 3) тиісті түрде ашып көрсетпей және рұқсатсыз цифрлық сервистер толықтай генерациялаған нәтижелерді өз жұмысының орнына пайдалануға жол бермеу.

## **Оқытушылар мен қызметкерлерге қойылатын этикалық талаптар**

Оқытушы академиялық адалдық қағидаларын, кәсіби этиканы және мінез-құлық мәдениетін сақтаудың үлгісі болуы тиіс.

### **1. Жалпы талаптар**

- 1) кәсіби этика нормаларын сақтау, қарым-қатынаста сыпайылық таныту және білім алушыларды құрметтеу;
- 2) оқыту мен бағалау кезінде академиялық адалдықты сақтау;
- 3) білім беру процесінің объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз ету.

### **2. Кәсіби тәртіп**

- 1) бекітілген сабақ кестесін сақтау;
- 2) кешігу немесе сабақты өткізе алмау жағдайында білім алушыларды хабардар ету және жіберілген материалдың орнын толтыру;
- 3) іскерлік мінез-құлық стилін сақтау, оның ішінде сыртқы келбет пен сөйлеу мәдениеті.

### **3. Жол берілмейтін әрекеттер**

Оқытушыға (қызметкерге) тыйым салынады:

- 1) білім алушылардың ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітуге, дөрекілікке, дауыс көтеруге немесе орынсыз сөздер айтуға;
- 2) білім беру қызметтерін көрсету үшін кез келген сыйақыны талап етуге немесе қабылдауға;
- 3) оқу процесін саяси немесе діни үгіт-насихат мақсатында пайдалануға.

### **Университеттің басшылық құрамының міндеттері**

- 1) профессорлық-оқытушылар құрамының және университет қызметкерлерінің білім алушыларға және олардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне осы Кодексті түсіндіру жұмыстарын қамтамасыз ету;
- 2) білім алушылар Кодекс нормаларын бұзған жағдайда, осы Кодексте көзделген шараларды қабылдау бойынша жұмысты үйлестіру;
- 3) академиялық адалдықты іске асыруға бақылау және мониторинг жүргізу.

### **Білім беру бағдарламаларының эдвайзерлерінің міндеттері**

Білім беру бағдарламаларының эдвайзерлері білім алушыларды және олардың заңды өкілдерін осы Кодекспен таныстырып, оны бағдарлау аптасында және/немесе семестрдің бірінші оқу аптасында қолхат арқылы бекітуі тиіс.

## **6. ДӘЙЕКСӨЗДІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ**

Оқу үдерісіне қатысушылар, дәйексөз ережелерін ұстану басқалардың жұмысына құрметпен қарау үшін, білім алушының жұмысына әсер еткен басқалардың жұмысынан ажыратуға көмектесу үшін қажет деп таниды, білім алушының басқа дереккөздерге қаншалықты негізді жүгінетінін тексеруге мүмкіндік беру, білім алушының зерттеулері академиялық сауатты және құрметке лайық екенін көрсету, білім алушы сенімді дереккөздерді қолдана алатынын және оларды сыни тұрғыдан бағалай алатынын көрсету, шынайы және беделді білім мен идеяларға сүйену, білім алушының өз қорытындысын жасай алатынын көрсету.

Негізгі ұғымдар:

1. Дәйексөз (сілтеме) (citation) — дереккөзге сілтеме жасау, пайдаланылатын материал білім алушының материалы болып табылмайтындығын көрсету. Авторлықты көрсете отырып, фразаның басында немесе соңында қолдануға болады. Автор тікелей мәтінде көрсетіледі. Сонымен қатар, баға белгілеудің басталуы мен аяқталуы міндетті түрде тырнақшалармен бірге жүреді («.....»). Дәйексөз жолдары: тікелей сөйлеу, жанама сөйлеу.

2. Реферирование: Рефераттау: егер мәтінде мәлімдеме болмаса, бірақ жұмыстың авторы басқа адамдардың идеяларына немесе ақпаратына сілтеме жасайды.

1) сілтеме/ескерту (reference) — жұмыста пайдаланылған дереккөз туралы толық мәліметтер. Егер дереккөз жұмыста айтылмаса немесе келтірілмесе, оған сілтеме жасаудың қажеті жоқ.

2) әдебиеттер/дереккөздер тізімі-жұмыстың соңында алфавиттік тәртіппен келтірілген, жұмыста пайдаланылған дереккөздердің тізімі.

## **7. БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ**

Осы Кодексте білім алушылардың, оқытушылар мен Есенов университеті қызметкерлерінің академиялық адалдықты бұзуының мынадай түрлері көзделеді:

1) **плагиат:** басқа дереккөздерден алынған материалдарды авторлықты немесе дерек көзін көрсетпей-ақ ішінара немесе толықтай иемдену. Плагиат - бұл басқа адамдардың идеяларын өзіңіздің ойыңыздай әдейі ұсыну.

Плагиат әртүрлі формада болуы мүмкін:

-тиісті тыныс белгілерін (тырнақшаларды) пайдаланбай және/немесе дереккөзді көрсетпей-ақ, дәйексөзге сілтеме жасау;

-авторлығын көрсетпей біреудің жұмысын өз жұмысы ретінде қасақана немесе еріксіз пайдалану;

-дереккөзді көрсетпей-ақ түрлендіру;

-дереккөзді көрсетпей көшіру арқылы рефераттауды ауыстыру;

-біреудің идеяларын немесе дәлелдерін авторға сілтеме жасамай пайдалану немесе пайдаланылған дереккөздер тізімінде дереккөздің болмауы;

- толығымен немесе ішінара басқа адам жазған жазбаша жұмысты ұсыну;
- ғаламтор желісінен алынған курстық/дипломдық жұмысты ұсыну;
- басқа курс үшін тапсырма ретінде орындалған курстық жұмысты ұсыну.

Плагиат жағдайларына, дереккөзді елемеу, біреудің жарияланған немесе жарияланбаған жұмысының бөліктерін қайта өңдеу немесе түрлендіріп өңдеу, осы материалды түпнұсқаға дәйексөз бен сілтеме жасамай ұсыну жатады.

Идеялар, идеялардың көріністері немесе басқалардың жұмыстары алынған дереккөздер мыналарды қамтиды (бірақ олармен шектелмейді): кітаптар, мақалалар, құжаттар, әдеби шығармалар мен тіркестер, сөйлеу сөздері, өнер туындылары, зертханалық есептер, зерттеу нәтижелері, есептеулер және олардың нәтижелері, диаграммалар, әзірлемелер, компьютерлік есептер, машина коды/бағдарламалық қамтамасыз ету.

2) **қайталау**-басқа білім алушы, түлек, бұрынғы білім алушы орындаған бір жұмысты (жұмыстың бір бөлігін) ұсыну.

3) емтиханда, бақылау жұмысында, қорытынды аттестаттау кезінде (сондай-ақ нұсқауларды, оның ішінде ауызша жауап беру кезінде кеңестерді, шпаргалкаларды, алдын ала дайындалған жауап бланкілерін, оқулықтарды және басқа да дереккөздерді (бастапқы дереккөздерді, карталарды, схемаларды, кестелерді), тапсырманы орындау кезінде компьютерді, планшетті, телефонды және/немесе басқа да техникалық/баспа құралдарын пайдалану, бір білім алушының басқа білім алушының жұмысын) **көшіру**;

4) **сөз байласу**: басқа білім алушы үшін бағаланатын кез келген жұмысты орындау, университеттен тыс үшінші тұлғалардың (достарының, ата-аналарының, репетитордың, басқа оқытушылардың) тапсырманы, жазбаша жұмысты орындауға, осы фактіні оқытушыға тапсырманы тапсыру процесінде ауызша немесе жазбаша түрде көрсетпей көмектесу.

5) **материалдарды заңсыз ұсыну мақсатында білім беру үрдісіне қатысушылардың жасырын келісімі**.

Оқу үрдісіне қатысушылар арасындағы жасырын келісімінің мысалдары: жазбаша жұмысты көшіру, өзіндік жұмыстарды көшіру үшін ұсыну, бір білім алушының екінші білім алушының жұмысын орындауы; басқа адамның (басқа білім алушының, ата-ананың, репетитордың, оқытушының және т. б.) орындаған жұмысын өз жұмысы ретінде тапсыру, тест мазмұны, бақылау жұмысы, тест тапсырмалары туралы мәліметтерді мұғалімнің рұқсатынсыз басқа студенттерге беру, оқу үдерісінің басқа да қатысушыларын (студенттер, ата-аналар, профессор-оқытушылар құрамы) ұжымдық алдаудың әртүрлі формалары болып табылады.

Ұжымдық жұмыс құпия келісімнің мысалы ретінде қарастырылмайды, керісінше оқу үдерісін ұйымдастырудың бір түрі болып табылады. Ұжымдық жұмыс дегеніміз-бір оқу міндеті бойынша топтағы қызмет. Ұжымдық жұмыс топ ішінде білім алушылар арасындағы өзара іс-қимылдың түрлерінің ашылуын көздейді. Ұжымдық жұмыс шеңберінде қол жеткізілген нәтиже топтың барлық қатысушылары үшін бірыңғай болып табылады, ол нәтижені тіркеудің кез келген түрінде (ауызша жауапта немесе жазбаша түрінде) топтың барлық қатысушыларын көрсете отырып бейнеленуі тиіс.

Сәтсіздікке ұшыраған жағдайда жауапкершіліктен жалтару мақсатында және/немесе басқалардың көмегімен лайықсыз баға алу мақсатында ұжымдық жұмыс түрлеріне қатысудан аулақ болуға ниет білдіру бұзушылық түрлерінің бірі болып табылады.

б) **алдау**:

- емтихан кезінде тыйым салынған технологияларды пайдалану;
- басқа білім алушылардан бағаланатын жұмыстарды көшіріп алу;
- бағаланған жұмысты қайта ұсыну, тапсыру;
- бағаланатын жұмыстарды уақтылы орындамаған жағдайда, мүлдем орындамаған жағдайда жалған сылтаулар ұсыну;

-топтық, ұжымдық жұмыс көзделмеген жағдайда екі немесе одан да көп білім алушылардың бағаланатын жұмысты орындауы;

-басқа білім алушыларға саналы көмек көрсету: оған өзінің бағаланатын жұмысынан

көшіруге мүмкіндік беру, кеңестер, шпаргалкаларды, оқулықтарды және т. б. пайдалану;

-өзгелердің бағаланатын жұмыстарын өз жұмыстары ретінде ұсыну;

-қандай да бір артықшылықтар алу мақсатында себепсіз қорытынды бағалау (емтихан) болатын оқу күнін өткізіп алу.

**7) бағаланатын жұмыстың құжаттары мен бағаларын, деректерін бұрмалау:**

- эксперименттердің деректерін бұрмалау;

-осы эксперименттерді, материалдарды, сауалнамаларды, есептерді нақты орындаусыз ойлап табу;

-шын мәнінде жұмысты жазуға қатыспаған дереккөздердің нұсқаулығы бар, баяндау дереккөздерінің тізімінің дұрыс жасалмауы;

-жалған құжаттарды, оның ішінде медициналық анықтамаларды, жалған құжаттар мен қолдарды пайдаланудың әртүрлі формаларын (оқуға түсуге арналған құжаттар, ұсыныс және басқа хаттар, транскрипт, дипломдар немесе басқа тіркеу деректері және т. б.) ұсыну;

-бағаларды, тапсырма жауаптарын бағалау нәтижелерін қолдан жасау;

-деректерді қолдан жасау (қосымша толықтырып жазу, жазу, түзету), яғни зерттеуді орындау кезінде сұрастыруды, сауалнама жүргізуді және басқа әдістерді бақылау өлшемдері мен нәтижелерін жасау;

-бақылау жазба жұмыстарының бағасын көтермелеу;

-басқа білім алушының бағаланатын жұмысын қасақана қолдан жасау немесе бүлдіру.

**8) бағаланатын жұмыстардың жауаптарын адал емес жолмен сатып алу:**

- бағаланатын жұмысты орындау кезінде жауаптарын беру;

-басқа білім алушының, педагог қызметкердің немесе қызметкердің көмегімен бағаланатын жұмысты жүргізгенге дейін ішінара немесе толық материал алу (жауаптары бар тест тапсырмалары, емтихан билеттері және жазбаша емтиханға арналған тапсырмалар);

-бағаланатын жұмыстарды өзінің (курстық, дипломдық жұмыстар, магистрлік диссертациялар және т. б.) жұмысы ретінде көрсету мақсатында сатып алу немесе алудың басқа жолдары;

-дайын бағаланатын жұмыстарды (курстық, дипломдық жұмыстар, магистрлік диссертациялар және т. б.) сату немесе сатып алуға және/немесе сатуға көмек көрсету.

**9) ақпаратты немесе құрылғыларды заңсыз пайдалану:**

-бағаланатын бақылау жұмыстарын, тестілеуді, емтихандарды орындау кезінде электрондық, цифрлық, қағаз жеткізгіштердегі ақпаратты, техникалық құрылғыларды пайдалану;

-бағаланатын жұмыстың кез-келген жауабын кез-келген жолмен алу, соның ішінде электрондық пошта, компьютер және т. б. арқылы жүктеу;

-педагог қызметкердің қағаз және электрондық тасымалдағыштардағы бағаланатын жұмыстарға қатысты материалдарын кабинеттен шығару және/немесе компьютерден көшіру.

- басқа білім алушылар орындайтын демонстрациялық тапсырманың жазбасын алу мақсатында немесе жалпы сабақтың жазбасын алу мақсатында сабақтарда аудио - және/немесе бейнеаппаратураны заңсыз пайдалану.

**10) емтихандарды, тестілерді, диагностикалық тестілерді тапсыру, зертханалық жұмыстарды немесе басқа тапсырмаларды орындау кезінде академиялық пайда алу мақсатында өзін басқа тұлға ретінде көрсету.**

**11) алдау немесе академиялық пайда алу мақсатында деректерді, транскриптерді немесе басқа академиялық құжаттарды жасыру.**

**12) кедергілер мен кедергілер жасау** - әділетсіз академиялық пайда алу мақсатында басқа адамдардың оқу немесе ғылыми қызметіне тосқауыл қою немесе кедергі жасау. Бұған деректерді, файлдарды, қолжазбаларды немесе басқа материалдарды (мысалы, картиналар, мүсіндер, бағалы қағаздар), ғылыми жұмыстарды жалған жасау, кітапхана құралдарын немесе мүлкін, электрондық немесе академиялық мақсатта пайдаланылатын басқа материалдарды бүлдіру кіреді (бірақ олармен шектелмейді).

**13) аудиториялық сабақтар мен консультацияларды тұрақсыздандыру.**

Университет оқу үшін қауіпсіз жағдайлар жасауға міндеттенеді. Мұғалім, зертханашы немесе басқа қызметкер сабақты немесе кеңесті бұзуға бағытталған кез-келген әрекеті саясат ережелерін бұзу болып табылады. Әдетте, сабақтан тыс немесе консультациялардан тыс тәртіпті бұзу Университеттің басқа ережелерімен қаралады, бірақ белгілі бір жағдайларда осы Кодекстің қолданылу аясында да қарастырылуы мүмкін.

14) академиялық пайда алу мақсатында емтихан материалдары, тест сұрақтары және басқа материалдар сияқты құпия ақпаратқа **рұқсатсыз қол жеткізу**.

15) **деректерді рұқсатсыз тарату**-алдын ала келісімсіз, құпия ақпаратсыз үшінші тұлғаларға жариялау, тарату немесе жариялау. Құпия ақпаратқа ортақ қол жетімділік болмаған жағдайда сақталынған және жиналған академиялық ақпарат, деректер мен құжаттар кіреді.

16) **генеративті жасанды интеллектті пайдалану** – генеративті жасанды интеллект жүйелерін оқу немесе ғылыми жұмыстарды дайындау үшін қолдану және оны пайдаланғаны туралы көрсетпеу.

17) **контрактік негізде жұмыстарды орындау** – курстық, дипломдық немесе диссертациялық жұмыстарды үшінші тұлғаларға тапсырыс беру арқылы орындау.

18) **өзіндік плагиат** – бұрын жарияланған өз жұмыстарын тиісті сілтеме жасамай қайта пайдалану.

**Ескертпе:** осы академиялық адалдықты бұзу түрлерінің тізбесі толық болып табылмайды және қажеттілігіне қарай толықтырылуы мүмкін.

## 8. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ЖАЗА

Білім беру процесінің барлық қатысушылары академиялық адалдық қағидаларын сақтау үшін жеке (академиялық және тәртіптік) жауапкершілік көтереді.

Плагиат, курстық, дипломдық жұмыстарды, магистрлік диссертацияларды сатып алу және сату, сондай-ақ академиялық алаяқтықтың өзге де түрлері академиялық адалдықтың өрескел бұзушылықтары болып табылады және санкциялар қолдана отырып міндетті түрде қаралады.

### 1. Білім алушыларға қатысты санкциялар градациясы

Ашықтық пен объективтілікті қамтамасыз ету мақсатында білім алушыларға (бұзушылықтың сипатын, қайталануын және ауырлығын ескере отырып) келесі шаралар қолданылады:

- ескерту (болмашы немесе алғаш рет анықталған бұзушылықтар кезінде);
- жұмысқа немесе тапсырмаға берілген бағаны төмендету;
- ағымдағы, аралық немесе қорытынды бақылау нәтижелерін жою;
- емтиханға немесе қайта тапсыруға жібермеу;
- пән бойынша академиялық нәтижелерді жою;
- университеттен шығару (өрескел немесе жүйелі бұзушылықтар кезінде).

Санкциялар қолдану туралы шешім объективтілік, сәйкестік (пропорционалдық) және құжатталған қарау рәсімі қағидаларын сақтай отырып қабылданады.

### 2. Бұзушылықтарды тіркеу және қарау тәртібі

Академиялық адалдықты бұзудың әрбір анықталған фактісі міндетті түрде тіркеледі (акт, қызметтік жазба, хаттама) және кейін уәкілетті органдарда (академиялық адалдық жөніндегі комиссия, этика комиссиясы немесе өзге де құзыретті бөлімшелер) қаралады.

Бұзушылық белгілері анықталған жұмыстар:

- бағалауға жіберілмеуі мүмкін;
- қосымша тексеруге жіберілуі мүмкін;
- қарау нәтижесі бойынша жойылуы мүмкін.

Білім алушыға материалдармен танысу және белгіленген тәртіпте түсініктеме (апелляция) беру құқығы қамтамасыз етіледі.

### **3. Ашықтықты қамтамасыз ету бойынша оқытушылардың міндеттері**

Оқытушылар міндетті:

1. білім алушыларды академиялық адалдық талаптары және оларды бұзудың салдары туралы хабардар ету;
2. бекітілген тексеру құралдарын (соның ішінде антиплагиат және прокторинг жүйелерін) пайдалану;
3. бағалаудың объективтілігін және бұзушылықтарды анықтауда бірізді тәсілді қамтамасыз ету;
4. барлық анықталған бұзушылықтарды тіркеп, материалдарды белгіленген тәртіпте қарауға жолдау.

### **4. Профессорлық-оқытушылар құрамының бақылауы және жауапкершілігі**

Оқытушылар мен университет қызметкерлері академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылады, оның ішінде:

- бұзушылық фактілерін жасыру;
- біржақты немесе объективті емес бағалау;
- академиялық алаяқтыққа жәрдемдесу;
- білімді бақылау рәсімдерін бұзу.

ПОҚ және қызметкерлерге қатысты келесі тәртіптік шаралар қолданылады:

1. ескерту немесе сөгіс беру;
2. қатаң сөгіс;
3. ынталандыру төлемдерінен немесе өзге де көтермелеу шараларынан айыру;
4. сабақ өткізу немесе бағалау рәсімдерінен шеттету;
5. еңбек шартын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұзу.

ПОҚ тарапынан академиялық адалдық қағидаларын сақтау бақылауы келесі арқылы жүзеге асырылады:

- ішкі тексерулер және мониторинг (оның ішінде бағалау мен емтихан рәсімдерін іріктеп талдау);
- білім алушылар мен қызметкерлердің өтініштерін қарау;
- академиялық адалдық және этика жөніндегі комиссиялардың қызметі;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функциялары.

### **5. Бұлтартпастық және әділдік қағидаты**

Жауапкершілік шараларын қолдану келесі қағидаттарға негізделеді:

- жауапкершіліктің бұлтартпастығы;
- объективтілік және дәлелділік;
- бұзушылық пен санкцияның сәйкестігі;
- істерді қарау кезінде мүдделер қақтығысына жол бермеу.

## **9. КОДЕКСТІҢ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫН АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ**

1. Көшіру жағдайларын болдырмау мақсатында прокторинг жүйесін, өзге де бақылау іс-шараларын пайдалана отырып, емтихандар өткізу процесін мұқият қадағалау.

2. Плагиатты болдырмау үшін білім алушылардың бағаланатын жұмыстары (курстық, дипломдық, диссертациялық) плагиатқа қарсы бағдарламаны пайдалана отырып тексеруден өтеді.

3. Жұмыстың түпнұсқалығын тексерудің автоматты қызметтерін енгізу. Мәтіннің бірегейлігіне арналған барлық бітіру, ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік жұмыстарды тексеру арнайы бағдарламаларды қолдану арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

4. Білім алушыларда академиялық адалдықты дамыту бойынша тұрақты мақсатты жұмыс жүргізу, студенттерді зерттеу сипатындағы тапсырмаларды орындауға тарту, білім алушыларда зерттеу дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ ғылыми этикаға тарту, ғылыми жұмысты жазу кезінде академиялық адалдық, плагиаризм туралы түсінік.

5. Білім алушылар мен ПОҚ арасында плагиаризмге төзбеушілікті тәрбиелеу.

6. Университет академиялық адалдық мәдениетін дамыту мақсатында жыл сайын түрлі іс-шаралар өткізеді (Integrity Week, семинарлар, тренингтер).

## 10. КОДЕКСТІҢ БҰЗЫЛУЫ ЖАҒДАЙЫНДА ШАРАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ

1. Академиялық адалдықты бұзу келесі жағдайларда анықталуы мүмкін:

- 1) ағымдағы бақылау (бағалау);
- 2) қорытынды бақылау (аралық аттестаттау, емтихан сессиясы)
- 3) қорытынды аттестаттау (мемлекеттік/кешенді емтихандар, дипломдық жұмыстарды (жобаларды), магистрлік диссертацияларды (жобаларды) қорғау).

2. Академиялық адалсыздық анықталған жағдайда келесі шаралар қолданылады:

1) академиялық адалсыздықты алғаш анықтаған жағдайда (кездейсоқ, жүйесіз бұзушылық дегенді білдіреді):

- оқытушы/проктор / ғылыми жетекші Кодекс нормаларының бұзылуынан байқалған барлық білім алушылардың жұмыстарының күшін жояды және олардың әрқайсысы барлық бағалау критерийлері бойынша "0" алады, бұл ретте оқытушы/Проктор/ғылыми жетекші, тиісті бөлімшелердің мамандары, кафедра меңгерушісі (БББ көшбасшысы) қол қойған Акт жасалады, ол ведомостарға тиісті өзгерістер енгізу үшін Қызмет көрсету орталығына (бұдан әрі - ҚКО) беріледі;

- академиялық адалсыздық фактісінде байқалған барлық білім алушылар жазбаша жұмысты қайта тапсыру құқығынан айырылады.

2) аттестаттау комиссиясы/проктор/ғылыми жетекші немесе қорытынды бақылау (аралық аттестаттау) және қорытынды аттестаттау рәсімдерін жүргізуге қатысы бар университет қызметкерлері анықтаған кодексті жүйелі түрде бұзушылық (екі-үш жағдай) анықталған жағдайда:

-Аттестаттау комиссиясы/проктор/ғылыми жетекші Кодекс нормаларының бұзылуында байқалған барлық білім алушылардың жұмыстарының күшін жояды және олардың әрқайсысы барлық бағалау критерийлері бойынша "0" алады, бұл ретте аттестаттау комиссиясы /проктор/ғылыми жетекші және кафедра меңгерушісі (БББ көшбасшысы) қол қойған Акт жасалады, ол ведомостарға тиісті өзгерістер енгізу үшін ҚКО беріледі;

- құжаттар, академиялық адалдық кодексінің нормаларын өрескел бұзғаны үшін білім алушыны университеттен шығару туралы мәселені шешу үшін тәртіптік Комитеттің қарауына беріледі.

Аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) немесе қорытынды аттестаттау кезінде бұзушылықтар тіркелген жағдайда қайта тапсыруға жол берілмейді, ал пәнді қайта оқу және қорытынды аттестаттаудан қайта өту тәртібі үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу қағидаларымен айқындалады;

- Аттестаттау комиссиясы / проктор / ғылыми жетекші факультеттің (мектептің, академияның) деканатын және академиялық мәселелер жөніндегі вице-президентті хабардар етеді;

- Қызмет көрсету орталығы анықталған академиялық адалдықты бұзу фактісін білім алушының жеке ісіне тіркейді (Акт қоса тіркеледі);

- қажет болған жағдайда білім беру бағдарламасының эдвайзері ата-аналардың факультет (мектеп, академия) деканымен және вице-деканымен кездесуін ұйымдастырады, анықталған бұзушылық фактісі бойынша үшжақты әңгіме өткізіледі.

Кодекс нормаларын өрескел бұзудың әрбір нақты жағдайы тәртіптік комиссияда қаралуы тиіс. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша тәртіптік жаза шаралары білім алушыларға да, сондай-ақ қатысы бар университет қызметкерлеріне де қатысты қабылданады.

## 11. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Есенов университетінде академиялық мәдениетті қалыптастыруға, академиялық адалдық қағидаттарының бұзылуының алдын алуға және білім беру мен ғылыми үдерістердің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған академиялық адалдықты басқарудың институционалдық жүйесі жұмыс істейді.

Академиялық адалдықты басқару жүйесі мыналарды қамтиды:

- академиялық адалдық мәселелерін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу және жетілдіру;
- білім алушылар, профессорлық-оқытушылар құрамы және университет қызметкерлері арасында академиялық адалдық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған профилактикалық және білім беру іс-шараларын ұйымдастыру;
- білім беру және ғылыми қызметте академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын мониторингтеу;
- академиялық адалдықты бұзу жағдайларын қарау және тиісті шаралар қабылдау;
- академиялық адалдық мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Есенов университетінде академиялық адалдық саясатын үйлестіру сыбайлас жемқорлыққа қарсы **комплаенс-қызметінің басшысы** арқылы жүзеге асырылады. Ол академиялық адалдық қағидаттарын ілгерілету және институционалдандыру мәселелері бойынша жауапты әкімші функцияларын орындайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы:

- академиялық адалдық мәселелері бойынша университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді;
- академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын мониторингтеуді ұйымдастырады;
- академиялық адалдық саласындағы университеттің ішкі нормативтік құжаттарын әзірлеуге және жаңартуға қатысады;
- білім алушылар мен университет қызметкерлері үшін оқыту іс-шараларын, семинарлар мен тренингтерді ұйымдастыруды бастамалайды;
- академиялық адалдықты дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен және кәсіби бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды;
- университеттегі академиялық адалдықтың жай-күйі туралы аналитикалық материалдар мен есептер дайындайды.

Академиялық адалдық қағидаттарының сақталуына мониторинг тұрақты негізде жүргізіледі және мыналарды қамтиды:

- академиялық адалдық бұзушылықтары жағдайларын талдау;
- білім алушылардың білімін бағалау рәсімдерін мониторингтеу;
- жазбаша жұмыстарды мәтіндік ұқсастықтарға тексеру нәтижелерін талдау;
- профилактикалық және білім беру іс-шараларының тиімділігін бағалау;
- білім беру үдерісіндегі академиялық және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мониторинг нәтижелері бойынша жыл сайын университеттегі академиялық адалдықтың жай-күйі туралы аналитикалық есеп дайындалады. Бұл есеп университет басшылығына ұсынылады және академиялық мәдениетті дамыту жөніндегі кейінгі шараларды жоспарлау кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Университет академиялық адалдық саясатының ашықтығын білім алушылар мен қызметкерлерді қолданыстағы қағидалар, бұзушылықтарды қарау рәсімдері және академиялық адалдық мәдениетін дамыту жөніндегі іс-шаралардың нәтижелері туралы ақпараттандыру арқылы қамтамасыз етеді.

## 12. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН МОНИТОРИНГІЛЕУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Есенов университетінде академиялық адалдық мәдениетінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында білім беру және ғылыми қызметте академиялық адалдық қағидаларының сақталуына жүйелі, тұрақты және құжатталатын мониторинг жүргізіледі.

### 1. Мониторингтің мақсаттары

Академиялық адалдық мониторингі мыналарға бағытталған:

- академиялық адалдықтың бұзылуына әкелетін факторлар мен тәуекелдерді анықтау;
- осы Кодекс нормаларын қолдану тәжірибесін талдау;
- алдын алу және тәртіптік шаралардың тиімділігін бағалау;
- академиялық адалдықтың институционалдық саясатын жетілдіру;
- білім беру және ғылыми-зерттеу процестерінің ашықтығын арттыру.

### 2. Академиялық адалдық жүйесінің негізгі көрсеткіштері (KPI)

Жүйенің тиімділігін бағалау үшін келесі негізгі индикаторлар қолданылады:

#### 1) Сандық көрсеткіштер:

- анықталған бұзушылықтардың жалпы саны (бақылау түрлері мен бөлімшелер бойынша);
- қайталанатын бұзушылықтардың үлесі;
- рұқсат етілген деңгейден асатын мәтіндік сәйкестігі бар жұмыстардың үлесі;
- академиялық адалдық мәселелері бойынша өтініштердің (шағымдар, сигналдар) саны;
- санкциялар қолданумен аяқталған тәртіптік істердің үлесі.

#### 2) Сапалық көрсеткіштер:

- білім алушылар мен профессорлық-оқытушылар құрамының хабардарлық деңгейі (сауалнама нәтижелері бойынша);
- бағалау және бұзушылықтарды қарау рәсімдеріне деген сенім деңгейі;
- санкцияларды қолдану тәжірибесінің бірізділігін сақтау.

#### 3) Процестік көрсеткіштер:

- тексерумен қамтылған пәндердің үлесі (антиплагиат, прокторинг);
- бұзушылықтарды қарау мерзімдерінің сақталуы;
- алдын алу іс-шаралары жоспарларының орындалуы.

### 3. Мониторинг құралдары мен рәсімдері

Академиялық адалдық қағидаларының сақталуын мониторингтеу мыналарды қамтиды:

- анықталған бұзушылықтар статистикасын талдау;
- жазбаша жұмыстардағы мәтіндік сәйкестіктерді (заимствование) тексеру нәтижелерін талдау;
- ағымдағы, аралық және қорытынды бағалау рәсімдерін іріктеп бақылау;
- білім алушылар мен қызметкерлердің өтініштерін талдау (оның ішінде «жедел желі» арқылы);
- социологиялық сауалнамалар мен анкеталау жүргізу;
- ішкі аудиттер мен қызметтік тексерулер;
- цифрлық технологиялар мен прокторинг жүйелерін пайдалану мониторингі.

### 4. Мониторингтің мерзімділігі

Мониторинг тұрақты негізде жүзеге асырылады:

- ағымдағы (жедел) мониторинг – семестр бойы тұрақты түрде;
- аралық талдау – әр академиялық кезең (семестр) қорытындысы бойынша;
- қорытынды талдау – жыл сайын жиынтық есеп дайындаумен;
- жоспардан тыс тексерулер – өтініштер түскенде немесе тәуекелдер анықталған жағдайда.

### 5. Жауапты құрылымдық бөлімшелер

Мониторингті ұйымдастыру және үйлестіру:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі — үйлестіру, тәуекелдерді талдау, есептер дайындау;
- Академиялық адалдық және (немесе) этика жөніндегі комиссия — бұзушылықтарды қарау;
- Оқу-әдістемелік бөлімшелер — бағалау рәсімдерін бақылау;
- Деканаттар мен кафедралар — бастапқы бақылау және алдын алу;
- IT-қызмет — бақылаудың цифрлық жүйелерінің (антиплагиат, прокторинг) жұмысын қамтамасыз ету.

Жауапты бөлімшелер мониторинг нәтижелерін құжаттауды және университет басшылығына есеп беруді қамтамасыз етеді.

#### **6. Мониторинг нәтижелерін пайдалану**

Мониторинг нәтижелері келесі мақсаттарда қолданылады:

- ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу және түзету;
- білім беру және бағалау рәсімдерін жетілдіру;
- алдын алу және оқыту іс-шараларын жоспарлау;
- академиялық және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету бойынша басқарушылық шешімдер қабылдау;
- алқалық басқару органдарына (мысалы, Ғылыми кеңеске) есеп беру қалыптастыру.

#### **7. Ашықтық және есептілік**

Университет академиялық адалдық жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етеді:

- анықталған бұзушылықтар мен қабылданған шаралар туралы жалпыланған (дербес деректерсіз) мәліметтерді жариялау;
- академиялық қауымдастықты мониторинг нәтижелері туралы хабардар ету;
- негізгі көрсеткіштер мен есептерді университеттің ресми ақпараттық ресурстарында орналастыру.

#### **8. Үздіксіз жетілдіру қағидаты**

Академиялық адалдық мониторингі жүйесі келесілерді ескере отырып тұрақты түрде бағаланып, жетілдіріледі:

- тиімділікті талдау нәтижелері;
- озық халықаралық тәжірибелер;
- ұлттық заңнама талаптары және сыртқы бағалау рәсімдері (соның ішінде Академиялық адалдық лигасының мониторингі).

### **13. БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ПАЙДАЛАНУ**

Университет білім беру және ғылыми қызметте цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект жүйелерінің маңызды рөлін мойындайды және оларды академиялық адалдық қағидаттарына сәйкес жауапты, этикалық және ашық пайдалануды қамтамасыз етеді.

Жасанды интеллект құралдарын пайдалану тыйым салынбайды, бірақ осы Кодекспен және университеттің ішкі актілерімен реттеледі.

#### **1. ЖИ пайдаланудың жалпы қағидаттары**

Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын пайдалану кезінде білім беру процесінің қатысушылары міндетті:

- оқу және ғылыми жұмыстарды өз бетінше орындауды қамтамасыз ету;
- ЖИ-ді негізгі емес, көмекші құрал ретінде пайдалану;
- жұмыста ЖИ қолданылған жағдайда оның қолданылған фактісін және сипатын көрсету;
- ұсынылған материалдардың мазмұны, дұрыстығы және нақтылығы үшін толық жауапкершілік алу.

#### **2. Жасанды интеллектті рұқсат етілген пайдалану**

ЖИ құралдарын келесі мақсаттарда пайдалануға жол беріледі:

- ақпарат пен дереккөздерді іздеу және бастапқы талдау;
- мәтінді құрылымдауға көмектесу (жоспар, логика);
- грамматика, орфография және стильді тексеру;
- идеялар, тұжырымдар, мысалдар генерациялау (кейін қайта өңдеу шартымен);
- мәтіндерді аудару және тілдік бейімдеу;
- қосымша есептеулер және деректерді өңдеу.

Мұндай пайдалану, егер нақты пән аясында өзгеше белгіленбесе, оқытушының арнайы рұқсатын талап етпейді.

### **3. Шектеулі түрде рұқсат етілетін пайдалану (оқытушының рұқсатымен)**

Оқытушының келісімімен:

- міндетті түрде қайта өңдеу және дереккөзді көрсету арқылы ішінара генерацияланған мәтінді пайдалану;
- оқу бағдарламасында көзделген жағдайда жекелеген тапсырмаларды (жобалық, талдамалық, зерттеу жұмыстары) орындауда ЖИ қолдану;
- цифрлық технологияларды оқытуға байланысты оқу эксперименттері аясында ЖИ пайдалану.

Оқытушы нақты пән мен бақылау түрі бойынша ЖИ қолданудың рұқсат етілген деңгейін белгілеуге құқылы.

### **4. Жасанды интеллектті пайдалануға тыйым салынатын жағдайлар**

Келесі мақсаттарда ЖИ қолдануға тыйым салынады:

- бағаланатын тапсырмаларда білім алушының өзіндік жұмысын толық немесе ішінара алмастыру (оқытушының рұқсатынсыз);
- ЖИ арқылы жасалған нәтижені өз жұмысы ретінде көрсету (қолдану фактісін ашпай);
- мәтіннің түпнұсқалығын тексеру және өзге бақылау жүйелерін айналып өту;
- емтихан материалдарына немесе құпия ақпаратқа заңсыз қол жеткізу;
- емтихан және басқа бақылау түрлері кезінде тапсырмаларды автоматтандырылған түрде орындау;
- академиялық адалдық қағидаттарын бұзатын материалдарды жасау және тарату.

### **5. ЖИ қолдануды ашып көрсету талаптары**

ЖИ пайдаланған жағдайда білім алушы міндетті:

- ЖИ қолдану фактісін көрсету (мысалы, сілтемеде, «Әдіснама» бөлімінде немесе қосымшада);
- қолдану сипатын қысқаша сипаттау (мысалы: құрылым құру, тілдік редакциялау, идеялар іздеу);
- қажет болған жағдайда қолданылған құралды көрсету.

Мұндай ақпараттың болмауы академиялық адалдық қағидаларын бұзу ретінде қарастырылуы мүмкін.

### **6. Оқытушының өкілеттіктері**

Оқытушы:

- әр пән бойынша ЖИ қолданудың рұқсат етілген деңгейін анықтауға;
- бағалаудың жекелеген түрлерінде (мысалы, емтихан, тестілеу) ЖИ қолдануға тыйым салуға;
- жұмыстың дербес орындалуын түсіндіруді немесе растауды талап етуге;
- қосымша тексеру нысандарын (ауызша қорғау, нақтылау сұрақтары және т.б.) қолдануға құқылы.

### **7. Цифрлық бақылау құралдарын пайдалану**

Университет академиялық адалдықты қамтамасыз ету мақсатында келесі цифрлық құралдарды қолдануға құқылы:

- мәтіндердің түпнұсқалығын тексеру жүйелері;
- онлайн емтихандарда прокторинг жүйелері;
- бағалаудың объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз ететін өзге де цифрлық шешімдер.

### **Ақпараттық-түсіндіру және білім беру қызметі**

Университет академиялық адалдық мәдениетін қалыптастыруға, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті жауапты пайдалануға және бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған жүйелі ақпараттық-түсіндіру және білім беру жұмысын жүргізеді.

#### **Жұмыс мазмұны мен нысандары**

Ақпараттық-түсіндіру жұмысы мыналарды қамтиды:

- білім алушылар мен қызметкерлерге арналған кіріспе нұсқамалар (бұзушылықтар үшін жауапкершілік шараларын түсіндіру);
- дереккөздерді дұрыс пайдалану, академиялық жазу және плагиаттың алдын алу бойынша оқыту;
- ЖИ қолданудың рұқсат етілген және тыйым салынған түрлерін түсіндіру;
- тренингтер, семинарлар және шеберлік сыныптарын өткізу;
- әдістемелік материалдар, жадынамалар және цифрлық нұсқаулықтарды тарату.

#### **Жасанды интеллектті пайдалануды реттеу**

Ақпараттық жұмыс аясында түсіндіріледі:

- ЖИ көмекші құрал ретінде пайдалануға болады (ақпарат іздеу, құрылымдау, тілдік өңдеу және т.б.);
- бағаланатын жұмыстарда ЖИ қолдану фактісі міндетті түрде көрсетілуі тиіс және қажет болған жағдайда оқытушымен келісу керек;
- ЖИ толық генерациялаған нәтижелерді өз жұмысы ретінде көрсетуге жол берілмейді.

#### **Жауапкершілік теңгерімі**

Университет тараптардың жауапкершілік теңгерімін қамтамасыз етеді:

- білім алушылар өз міндеттері мен бұзушылық салдарлары туралы хабардар етіледі;
- оқытушылар мен қызметкерлер өз жауапкершілігі туралы түсіндіруден өтеді, оның ішінде:
  - негізсіз айыптауларға жол бермеу;
  - тиісті сілтемесіз бөгде материалдарды пайдаланбау;
  - бағалаудың объективтілігі мен ашықтығын сақтау.

#### **Мониторинг жүйесімен байланыс**

Ақпараттық-түсіндіру жұмысы мониторинг жүйесіне интеграцияланады және мыналарды қамтиды:

- университетте академиялық адалдық жағдайына жыл сайын аудит жүргізу;
- факультеттер мен бөлімшелердің есептерін дайындау;
- білім алушылар мен қызметкерлер арасында сауалнамалар жүргізу;
- алдын алу шараларының тиімділігін талдау және жетілдіру.

#### **Қолжетімділік және түсініктілік қағидаты**

Ақпараттық материалдар келесі қағидаттар негізінде әзірленеді:

- барлық білім алушылар үшін қолжетімділік және түсініктілік;
- практикалық бағыттылық (рұқсат етілген және тыйым салынған әрекеттердің мысалдарымен);
- цифрлық технологиялар мен білім беру тәжірибелерінің дамуына сәйкес тұрақты жаңартылуы.